

«Роза Бағланова атындағы
«Қазақконцерт» мемлекеттік
академиялық концерттік ұйымы»
РМҚК директоры А. Абдуалиевке

Қызметтік хат

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрілігі
«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік
базалық бағыты, Қазақконцерт ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаты,
Нұсқаулығы, комплаенс қызметінің Ережесі және Стандартына сүйене отырып,
2025 жылы Қазақконцерт ұйымының бизнес процесін басқару және бөлінген
мемлекеттік қаржыны дұрыс үйлестіру бойынша Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне Талдау жүргізу ұйымның уақытша атқарушы директордың
бұйрығымен бекітілген. Бұйрықта комиссия мүшелері, жұмыс жүргізудің
Жоспары, уақыты және бөлім басшыларына ақпарат беру туралы тапсырмалар
бекітілген. Бұл құжаттар сайтта, ұйымның ортақ желісінде (чатта) жіберілген.
Тапсырмада көрсетілген құжаттар мен жұмсалған қаржы туралы ақпараттарды
бөлім басшылары комплаенс қызметіне толық ұсынбады. Сыбайлас жемқорлық
құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау
мүмкіндігін анықтау мақсатында сұратылған құжаттар ішінде, 2025 жылғы
Жоспар бойынша бекітілген бюджеттік қаржының жұмсалуды туралы, шығындарға
жасалған қызметтік хаттар, бұйрықтар мен бюджетке жасалған өзгерістердің
хаттары, сыйақы мен қосымша ақының бұйрықтары, кредиторлық-дебиторлық
қарыздардың пайда бөлу туралы т.б. және мемлекеттік сатып алу бөлімінде
жасалған құжаттар, аукционға қатысушы мекемелер мен келісімге отырған
адамның жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді қалай жүзеге асыру
туралы ақпараттарды, ұсыныстарды беру туралы бар. Ұйымның негізгі
бөлімдері: 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап сұратылған құжаттар
Бухгалтерия мен Мемлекеттік сатып алу бөлімі жұмыстың көптігін айтып, өз
ақпараттарын әлі бере алмай отыр. Бұл тапсырманы 20-шы қаңтарға дейін
берулері жөнінде сіздің кабинетіңізде өткен жиналыста қайталап айтқанмын.
Экономика бөлімі 30 қаңтарда берді. Берілген ақпараттарға сүйеніп, талдауды
тереңдету, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін
себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігін анықтау, алдын алу мақсатында
сұраған құжаттарымды экономика және кадр бөлімі бермеді. Қажетті құжаттарды
директордың рұқсатымен береміз дейді. Осы мақсатта Комплаенс қызметі ұйымның
осы бөлімдерден қандай құжаттар, ақпараттар беруі жөнінде бекітілген. Осы
қызметтік хатта көрсетілген бөлімдерге комплаенс қызметіне қандай да бір
құжатты кедергісіз, тапсырма бұйрықта көрсетілгендіктен қызметтік хатсыз
берулерін тапсыруыңызды сұраймын.

**Құжаттамалық қамтамасыз ету
бөлімінің инспекторы-
Комплаенс офицері
«30» қаңтар 2026 ж.**

Е. Тілепбердиев